

А.Ф. Азизова^{1*} , Л.О. Баймолдина¹ , Е.И. Лашикова² 

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан)

² «Be Alive» клиникалық психология және психотерапия орталығы (Алматы қ., Қазақстан)

E-mail: azizova-aziza95@mail.ru

Student Subjective Wellbeing Questionnaire сауалнамасының қазақ тіліндегі нұсқасының факторлық құрылымы мен психометриялық қасиеттерін студенттер популяциясында бағалау

Аңдатпа

Бұл мақала білім беру ортасындағы студенттердің субъективті әл-ауқатын зерттеуге арналған *Student Subjective Wellbeing Questionnaire* (SSWQ) әдістемесінің, Т.Л. Renshaw және әріптестері әзірлеген қазақ тіліндегі нұсқасын аудару, мәдени және тілдік бейімдеу, сондай-ақ оның психометриялық қасиеттерін тексеруге арналған. Зерттеуге Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алатын 16–25 жас аралығындағы 807 студент қатысты. Зерттеу әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жергілікті этика комитетінің мақұлдауымен жүргізілді. Зерттеуге қатысу ерікті түрде жүзеге асырылды және барлық қатысушылардың анонимділігі қамтамасыз етілді. Зерттеудің негізгі мақсаты сауалнаманың қазақ тіліндегі нұсқасын аудару, мәдени және тілдік бейімдеу, сондай-ақ оның факторлық құрылымын, сенімділігі мен конструктивтілік валидтілігін бағалау болды. Деректерді статистикалық өңдеу Jamovi бағдарламасының көмегімен жүргізілді. Зерттеу барысында Кронбахтың α және Макдональдтың ω сенімділік коэффициенттері есептелді, эксплораторлық және конфирматорлық факторлық талдаулар орындалды, екінші деңгейлі иерархиялық модель тексерілді, сондай-ақ конвергенттік және дискриминанттық валидтілік бағаланды. Алынған нәтижелер субшкалалардың жоғары ішкі бірізділігін, сауалнаманың түпнұсқасындағы төрт факторлық құрылымның сақталғанын, студенттердің субъективті әл-ауқатының интегралды көрсеткішін қолдану мүмкіндігін және конструктивтілік валидтіліктің жоғары деңгейін растады. Сауалнаманың қазақ тіліндегі нұсқасы жоғары психометриялық қасиеттерге ие және ғылыми зерттеулерде, студенттерді психологиялық сүйемелдеу үдерісінде, сондай-ақ олардың психологиялық әл-ауқатын сақтау мен нығайтуға бағытталған бағдарламалардың тиімділігін бағалауда қолдануға жарамды.

Түйін сөздер: студенттердің субъективті әл-ауқаты, студенттердің субъективті әл-ауқатын бағалау сауалнамасы, психометриялық бейімдеу, факторлық талдау, сенімділік, валидтілік.

A.F. Azizova¹, L.O. Baimoldina¹, E.I. Lashkova²

¹ Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

² Be Alive Center for Clinical Psychology and Psychotherapy (Almaty, Kazakhstan)

E-mail: azizova-aziza95@mail.ru

Factor Structure and Psychometric Properties of the Kazakh Version of the Student Subjective Wellbeing Questionnaire in a Student Population

Abstract

This study presents the translation, cross-cultural adaptation, and psychometric evaluation of the Kazakh version of the Student Subjective Wellbeing Questionnaire (SSWQ) developed by T. L. Renshaw and colleagues to assess students' subjective well-being in the educational context. The study included 807 university students from Kazakhstan aged 16 to 25 years. The research protocol was

approved by the Local Ethics Committee of Al-Farabi Kazakh National University, and participation was voluntary and anonymous. The aim of the study was to translate, culturally adapt, and evaluate the factor structure, reliability, and construct validity of the Kazakh version of the SSWQ. Statistical analyses were conducted using Jamovi software. Psychometric evaluation included the calculation of Cronbach's alpha and McDonald's omega coefficients, exploratory and confirmatory factor analyses, testing of a second-order hierarchical model, and assessment of convergent and discriminant validity using Spearman's rank correlation coefficients. The findings demonstrated high internal consistency of the subscales, replicated the original four-factor structure of the questionnaire, confirmed the applicability of the second-order model and the use of an overall subjective well-being score, and provided evidence of good construct validity. The Kazakh version of the SSWQ demonstrated satisfactory psychometric properties and can be recommended for research, psychological support of university students, and evaluation of interventions aimed at promoting students' psychological well-being.

Keywords: student subjective well-being, Student Subjective Wellbeing Questionnaire, psychometric adaptation, factor analysis, reliability, validity, psychological well-being.

А.Ф. Азизова^{1*}, Л.О. Баймолдина¹, Е.И. Лаикова²

¹ Казахский национальный университет имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

² Центр клинической психологии и психотерапии «Be Alive» (г. Алматы, Казахстан)

E-mail: azizova-aziza95@mail.ru

Факторная структура и психометрические свойства казахской версии опросника Student Subjective Wellbeing Questionnaire в студенческой популяции

Аннотация

Данная статья посвящена переводу, культурно-языковой адаптации и психометрической оценке казахской версии опросника *Student Subjective Wellbeing Questionnaire* (SSWQ), разработанного Т. L. Renshaw и соавторами, предназначенного для оценки субъективного благополучия студентов в образовательной среде. В исследовании приняли участие 807 студентов высших учебных заведений Казахстана в возрасте от 16 до 25 лет. Исследование было одобрено Локальным этическим комитетом Казахского национального университета имени аль-Фараби, участие респондентов являлось добровольным и анонимным. Цель исследования заключалась в переводе, культурной адаптации и оценке факторной структуры, надежности и конструктивной валидности казахской версии опросника SSWQ. Статистическая обработка данных проводилась с использованием программы Jamovi. Для оценки психометрических свойств были рассчитаны коэффициенты α Кронбаха и ω Макдональда, выполнены эксплораторный и конфирматорный факторный анализы, проверена иерархическая модель второго порядка, а также проведена оценка конвергентной и дискриминантной валидности с использованием коэффициентов ранговой корреляции Спирмена. Полученные результаты подтвердили высокую внутреннюю согласованность субшкал, воспроизводимость оригинальной четырехфакторной структуры, возможность использования интегрального показателя субъективного благополучия и хорошие показатели конструктивной валидности. Казахская версия SSWQ обладает удовлетворительными психометрическими характеристиками и может использоваться в научных исследованиях, психологическом сопровождении студентов и оценке эффективности программ, направленных на сохранение и укрепление их психологического благополучия.

Ключевые слова: субъективное благополучие студентов, Student Subjective Wellbeing Questionnaire, психометрическая адаптация, факторный анализ, надежность, валидность, психологическое благополучие.

Кіріспе. Кіріспе. Соңғы онжылдықтарда әл-ауқат мәселесіне арналған зерттеулер психология ғылымының дербес ғылыми бағыты ретінде қалыптасты. Бұл бағыттың дамуының маңызды үрдістерінің бірі – позитивті психологияны қалыптасып келе жатқан бірнеше ғылым саласының тоғысындағы ғылымның теориялық негізі ретінде қарастыру. Аталған ғылымның зерттеу нысаны – кешенді теориялық және әдіснамалық тәсілдерді талап ететін көпөлшемді феномен ретіндегі адамның әл-ауқаты болып табылады (Байжуманова & Сахиева, 2024).

Әл-ауқат мәселесіне арналған зерттеулердің дамуы қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде де көрініс тапты. Соңғы жылдары отандық зерттеушілер психологиялық әл-ауқаттың әртүрлі қырларын қарастыратын бірқатар ғылыми еңбектер жариялады. Психологиялық және мінез-құлықтық денсаулықтың теориялық мәселелеріне арналған зерттеулермен қатар, жастар мен студенттердің әл-ауқатын олардың резильенттілігімен, академиялық және тұлғалық ресурстарымен, кәсіби қалыптасуымен және білім беру ортасының ерекшеліктерімен өзара байланыста қарастыратын зерттеулер де қарқынды дамуда (Жуманғалиева et al., 2025; Конысбай et al., 2025; Ордагулова & Сарсенбаева, 2024; Оспанбаева et al., 2024; Суюндыкова & Тапалова, 2024).

Сонымен қатар зерттеу нысаны ретінде қамтылатын әлеуметтік топтардың аясы кеңейіп келеді. Атап айтқанда, «Күміс университет» жобасы аясында білім алатын егде жастағы азаматтардың психологиялық әл-ауқатын зерттеуге арналған жұмыстар жүргізілуде (Оспанбаева et al., 2024). Қазақстандық зерттеушілердің еңбектері халықаралық ғылыми кеңістікте де кеңінен көрініс табуда. Бұл университет студенттерінің психикалық денсаулығы мен әл-ауқатына арналған әлемдік ғылыми жарияланымдарға жүргізілген библиометриялық талдау нәтижелерімен расталады (Hernández-Torrano et al., 2020).

Дәстүрлі түрде субъективті әл-ауқат көбінесе бақыт және өмірге қанағаттану сияқты жекелеген жалпыланған көрсеткіштер арқылы бағаланып келді. Алайда қазіргі зерттеулер адамның өмір сүруінің әртүрлі салаларын сипаттайтын көрсеткіштерді қамтитын көпөлшемді тәсілді қолданудың қажеттілігін көрсетеді (Ruggeri et al., 2020).

Қазіргі кезде қарқынды дамып келе жатқан ғылыми бағыттардың бірі – білім алушылардың субъективті әл-ауқатын зерттеу. Бұл мәселе әсіресе оқу кезеңінде ерекше маңызға ие, өйткені дәл осы уақытта кәсіби өзін-өзі анықтау, тұлғалық сәйкестіктің қалыптасуы және әлеуметтік дербестіктің кеңеюі сияқты жас ерекшелігіне тән негізгі даму міндеттері шешіледі (Егорова & Сердюк, 2025). Заманауи зерттеулерге жүргізілген талдау білім алушылардың субъективті әл-ауқаты эмоционалдық, тұлғалық және білім беру үдерісіне қатысты өзара байланысқан көптеген компоненттерден тұратын көпөлшемді конструкт екенін көрсетеді (Hossain et al., 2023). Осы бағыттағы ғылыми модельдердің ішінде Т. Л. Renshaw және әріптестерінің тұжырымдамасы ерекше орын алады.

Т. Л. Renshaw және әріптестерінің еңбектерінде субъективті әл-ауқат тұлғаның жалпы сипаттамасы ретінде ғана емес, белгілі бір білім беру ортасында адамның табысты қызмет етуіне қатысты субъективті бағасын сипаттайтын контекстік конструкт ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл мектеп және жоғары білім беру жүйесінде де кеңінен дамыған (Renshaw, 2015, 2018, 2022). Кейінгі зерттеулер білім беру ортасына тән субъективті әл-ауқат көрсеткіштерінің жаһандық субъективті әл-ауқат көрсеткіштерімен салыстырғанда білім беру нәтижелерін болжауда жоғары болжамдық құндылыққа ие екенін көрсетті (Renshaw et al., 2024). Осыған байланысты білім беру ортасына бейімделген, білім алушылардың субъективті әл-ауқатын бағалауға арналған арнайы психодиагностикалық құралдарды әзірлеу мен қолдану қарқынды дамып келеді.

Соңғы жылдары жалпы әл-ауқатты бағалауға арналған әмбебап шкалаларды, сондай-ақ белгілі бір өмірлік және білім беру контекстіндегі әл-ауқатты бағалауға бағытталған мамандандырылған психодиагностикалық құралдарды әзірлеу мен бейімдеуге ерекше көңіл бөлінуде. Қазақстанда да психологиялық әл-ауқаттың әртүрлі компоненттерін диагностикалауға арналған әдістемелерді психометриялық бейімдеу және олардың сенімділігін бағалау бағытында зерттеулер жүргізілуде (Жуманғалиева et al., 2025). Алайда білім беру контекстіндегі әл-ауқатты


бағалауға арналған әдістемелердің психометриялық қасиеттерін зерттеу әзірге жеткілікті деңгейде дамымаған. Білім алушылардың субъективті әл-ауқатын сенімді әрі валидті бағалау оны ғылыми тұрғыдан зерттеудің, сондай-ақ психологиялық сүйемелдеу мен профилактикалық бағдарламаларды ғылыми негізде әзірлеудің негізгі алғышарттарының бірі болып табылады.

Зерттеу нысаны – білім беру ортасындағы студенттердің субъективті әл-ауқаты.

Зерттеу пәні – *Student Subjective Wellbeing Questionnaire* (SSWQ) әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасының факторлық құрылымы мен психометриялық қасиеттері.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы студенттер популяциясында *Student Subjective Wellbeing Questionnaire* (SSWQ) әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасын аудару, мәдени және тілдік бейімдеу, сондай-ақ оның факторлық құрылымы мен психометриялық қасиеттерін бағалау.

Ғылыми әдебиеттерге шолу. Т. L. Renshaw және әріптестері білім беру ортасында білім алушылардың субъективті әл-ауқатын оқу кезеңдерінің ерекшеліктерін ескере отырып бағалауға арналған бірқатар сауалнамаларды әзірледі. Алғашында мектеп оқушыларына арналған *Student Subjective Wellbeing Questionnaire* (SSWQ) әзірленсе, кейіннен колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған *College Student Subjective Wellbeing Questionnaire* (CSSWQ) жасалды. Кейінгі зерттеулерде екі әдістеменің де психометриялық қасиеттері жан-жақты зерттеліп, факторлық құрылымы қайта тексерілді, жаңартылған нұсқалары әзірленді және әртүрлі елдерде мәдени-лингвистикалық бейімдеу жұмыстары жүргізілді. SSWQ және CSSWQ әдістемелерінің даму кезеңдері 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1 – SSWQ және CSSWQ сауалнамаларын әзірлеудің, валидтеудің және мәдениетаралық бейімдеудің негізгі кезеңдері (2015–2025 жж.)

Бұдан әрі SSWQ және CSSWQ әдістемелерінің әзірлену тарихы, олардың құрылымы, психометриялық сипаттамалары және әртүрлі елдерде жүргізілген бейімдеу зерттеулерінің нәтижелері қарастырылады.

Студенттердің субъективті әл-ауқатын бағалауға арналған *Student Subjective Wellbeing Questionnaire* (SSWQ) әдістемесі Т. Л. Renshaw тарапынан мектеп оқушыларының білім беру ортасындағы субъективті әл-ауқатын бағалауға арналған қысқаша скринингтік құрал ретінде әзірленген (Renshaw et al., 2015). Бұл әдістеме психикалық денсаулықты бағалау құралдарымен және академиялық үлгерім көрсеткіштерімен қатар қолдануға арналған. SSWQ білім алушыларды қолдаудың көпдеңгейлі жүйесі (Multi-Tiered System of Supports, MTSS) аясында пайдалануға бейімделген және жекелеген білім алушыларға да, тұтас білім беру ұжымдарына да

психологиялық қолдау көрсету жұмыстарын жоспарлауға қажетті ақпарат алуға мүмкіндік береді (Renshaw, 2015).

Student Subjective Wellbeing Questionnaire (SSWQ) әдістемесін әзірлеу барысында авторлар психометриялық сенімділігі жоғары әрі білім беру ортасында практикалық тұрғыдан қолдануға ыңғайлы ықшам құрал құруды мақсат етті. Әдістеме ғылыми әдебиеттерге жүргізілген шолу мен сауалнама тармақтарына сараптамалық бағалау нәтижелеріне сүйене отырып әзірленді. Соның негізінде әдістеменің төрт факторлы құрылымы қалыптастырылды. Соңғы нұсқаға төрт шкала енгізілді: оқуға деген қуаныш пен қызығушылық (Joy of Learning), оқу іс-әрекетіндегі өзіндік тиімділік (Academic Efficacy), оқудың мағыналылығы (Educational Purpose) және оқу орнына тиесілік сезімі (School Connectedness). Аталған шкалалардың жиынтығы білім алушылардың субъективті әл-ауқатының интегралды көрсеткішін қалыптастырады (Renshaw, 2015; Renshaw & Chenier, 2018).

SSWQ әдістемесінің алғашқы психометриялық тексеруі АҚШ-тың орта мектептерінде білім алатын 1002 оқушының қатысуымен жүргізілді (Renshaw et al., 2015). Кейіннен автор әдістеменің факторлық құрылымы мен сенімділігін тәуелсіз іріктемеде қайта растады (Renshaw, 2015). Әдістемені одан әрі жетілдіру оның психометриялық қасиеттерін нақтылауға бағытталды. Атап айтқанда, Renshaw және Chenier (2018) сауалнаманың құрылымының негізінде жатқан екінші деңгейлі иерархиялық модельді растады. Кейінірек Roberson және Renshaw (2022) әдістеменің факторлық құрылымына қайта талдау жүргізіп, субъективті әл-ауқаттың жалпы факторының жоғары сенімділігін дәлелдеді және жеке айырмашылықтарды талдау мен практикалық шешімдер қабылдау барысында факторлық бағаларды қолдануды ұсынды.

Қазіргі уақытта ғылыми әдебиеттерде SSWQ әдістемесінің үш мәдени-лингвистикалық бейімделуі сипатталған: түрік (Renshaw & Arslan, 2016), поляк (Zadworna et al., 2023) және португал (Serrão et al., 2024) нұсқалары.

SSWQ әдістемесінің алғашқы мәдени-лингвистикалық бейімделуі Түркияда 9–12 сыныптарда білім алатын 548 жасөспірімнің (14–19 жас) қатысуымен жүргізілді. Зерттеу нәтижелері әдістеменің төрт факторлы құрылымының сенімділігін және оның мектептегі әл-ауқаттың басқа көрсеткіштерімен конвергенттік валидтілігін растады (Renshaw & Arslan, 2016). Кейінірек 374 түрік жасөспірімінің қатысуымен жүргізілген зерттеуде Arslan және Renshaw (2018) бірінші деңгейлі төрт факторлы модель мен төрт шкала субъективті әл-ауқаттың жалпы факторының индикаторлары ретінде қарастырылатын екінші деңгейлі иерархиялық модельді салыстырды. Екі модель де деректерге жақсы сәйкестігін, жоғары ішкі бірізділігін және жасөспірімдердің проблемалық мінез-құлқын түсіндірудегі жоғары болжамдық қабілетін көрсетті.

SSWQ әдістемесінің поляк тіліндегі бейімделуі орташа жасы 13,04 жасты (10–16 жас) құрайтын 5–8 сыныптардың 818 оқушысының қатысуымен жүзеге асырылды. Зерттеу нәтижелері бірінші деңгейлі төрт факторлы модельді және екінші деңгейлі иерархиялық модельді растады. Сонымен қатар әдістеменің жоғары ішкі бірізділігі, уақыт бойынша тұрақтылығы (test-retest сенімділігі), өмір сапасы көрсеткіштерімен конвергенттік валидтілігі және мазасыздық көрсеткіштерімен дивергенттік валидтілігі дәлелденді (Zadworna et al., 2023).

Әдістемені дамытудың келесі кезеңі поляк тіліндегі нұсканы қайта қарастырумен және оның тұжырымдамалық құрылымын кеңейтумен байланысты болды. Жаңартылған Student Subjective Well-Being Questionnaire – Polish Revised (SSWQ-PL-R) нұскасында авторлар бастапқы модельді «мұғалім–оқушы» өзара қарым-қатынасы мен құрдастар арасындағы қатынастарды сипаттайтын көрсеткіштермен толықтырды. 10–15 жас аралығындағы 1227 поляк оқушысының қатысуымен жүргізілген зерттеу кеңейтілген модельдің факторлық валидтілігінің, ішкі бірізділігінің және екінші деңгейлі фактормен конвергенттік валидтілігінің жоғары екенін растады (Opozda-Suder et al., 2025).

Португалияда SSWQ әдістемесінің мәдени-лингвистикалық бейімделуі елдің әртүрлі өңірлеріндегі он мектептің 7–9 сыныптарында білім алатын, негізінен 12–15 жас аралығындағы 942 оқушының қатысуымен жүргізілді. Бұған дейінгі бейімдеу зерттеулерінен айырмашылығы,

психометриялық тексеру барысында сауалнаманың құрылымына ішінара өзгерістер енгізілді: бір тармақ алынып тасталып, тағы бір тармақ басқа субшкаланың құрамына ауыстырылды. Соған қарамастан, бірінші деңгейдегі төрт факторды қамтитын екінші деңгейлі иерархиялық модель деректерге жоғары сәйкестік көрсетті, жоғары ішкі бірізділікке ие болды, жынысы мен сынып деңгейіне қатысты өлшеу инварианттылығы толық расталды, сондай-ақ конвергенттік және дивергенттік валидтілігі дәлелденді. Алынған нәтижелер білім беру ортасындағы білім алушылардың субъективті әл-ауқатын скринингтік бағалауда SSWQ әдістемесінің португал тіліндегі нұсқасын қолдануға болатынын көрсетті (Serrão et al., 2024).

SSWQ әдістемесінің түпнұсқасы жарияланғаннан бері оның факторлық құрылымы мен психометриялық қасиеттері әдістеме авторының өзімен қатар тәуелсіз зерттеу топтары тарапынан да бірнеше рет тексерілді. Соңғы жылдары әдістеменің мәдени-лингвистикалық бейімделуінің географиясы едәуір кеңейіп, Түркия, Польша және Португалия сияқты елдерді қамтыды.

Ұлттық бейімдеу барысында сауалнама құрылымына жекелеген өзгерістер енгізілгеніне қарамастан, жүргізілген зерттеулер оның психометриялық моделінің тұрақтылығын және әртүрлі мәдени әрі білім беру контекстерінде қолдануға жарамдылығын растады.

Мектеп оқушыларына арналған әдістемемен қатар Т. Л. Renshaw жоғары оқу орны студенттеріне арналған College Student Subjective Wellbeing Questionnaire (CSSWQ) әдістемесін де әзірледі. Бұл әдістеме Student Subjective Wellbeing Questionnaire (SSWQ) сауалнамасының теориялық қағидаларына негізделгенімен, жоғары білім беру ортасының ерекшеліктеріне бейімделген.

Жоғары оқу орны студенттерінің субъективті әл-ауқатын бағалау сауалнамасы (College Student Subjective Wellbeing Questionnaire, CSSWQ) Т. Л. Renshaw және S. J. Bolognino тарапынан жоғары оқу орындары студенттерінің субъективті әл-ауқатын бағалауға арналған қысқаша көпөлшемді психодиагностикалық құрал ретінде әзірленді. Әдістеменің бастапқы нұсқасы төрт субшкалаға біріктірілген 15 тармақтан тұрды (Renshaw & Bolognino, 2016). Кейіннен Т. Л. Renshaw әдістеменің қайта қаралған 16 тармақтан тұратын нұсқасын ұсынды. Бұл нұсқа өзара байланысты төрт компонентті қамтиды: академиялық қанағаттану (Academic Satisfaction), оқу іс-әрекетіндегі өзіндік тиімділік (Academic Efficacy), университет қауымдастығына тиесілік сезімі (University Connectedness / School Connectedness) және университетке деген алғыс сезімі (College Gratitude). Аталған шкалалар өмірге қанағаттану, өзіндік тиімділік, алғыс сезімі және әлеуметтік байланыстылықты бағалауға арналған қолданыстағы психодиагностикалық әдістемелерді жоғары білім беру ортасының ерекшеліктеріне бейімдеу негізінде әзірленді (Renshaw, 2018).

CSSWQ әдістемесінің қайта қаралған нұсқасына жүргізілген психометриялық зерттеу оның субъективті әл-ауқаттың әмбебап көрсеткіштерімен, соның ішінде Positive and Negative Affect Schedule (PANAS) әдістемесімен жоғары конвергенттік валидтілікке ие екенін көрсетті. Сонымен қатар сауалнама нәтижелерінің студенттердің орташа академиялық үлгерім көрсеткішімен (Grade Point Average, GPA) өзара байланысы анықталды, бұл әдістеменің жоғары психометриялық қасиеттерін дәлелдейді (Renshaw, 2018).

2022 жылы Т. Л. Renshaw әдістемені қолдануға арналған College Student Subjective Wellbeing Questionnaire (CSSWQ): Measure and User Guide атты пайдаланушы нұсқаулығын жариялады. Бұл еңбекте әдістеменің құрылымы, нәтижелерді өңдеу тәртібі және оны ғылыми зерттеулер мен психологиялық практикада қолдануға арналған ұсыныстар жан-жақты сипатталған (Renshaw, 2022).

Қазіргі уақытта College Student Subjective Wellbeing Questionnaire (CSSWQ) әдістемесінің ең толық жарияланған мәдени-лингвистикалық бейімделуі 2021 жылы Zhang және Carciofo ұсынған қытай тіліндегі нұсқа болып табылады. Зерттеу Қытайдың Сучжоу университетінде білім алатын 18–27 жас аралығындағы 252 студенттің (орташа жасы – 19,49 жас) қатысуымен жүргізілді. Эксплораторлық факторлық талдау нәтижелері әдістеменің түпнұсқа нұсқасына

толық сәйкес келетін төрт факторлы құрылымын растады. Қытай тіліндегі нұсқа жоғары ішкі бірізділік, қанағаттанарлық ретестік сенімділік, сондай-ақ конструктылық және инкременттік валидтілік көрсеткіштерін көрсетті. Сонымен қатар өмірге қанағаттану, позитивті аффект, экстраверсия және студенттердің орташа академиялық үлгерім көрсеткішімен (Grade Point Average, GPA) оң байланыс, ал негативті аффект пен нейротизммен теріс байланыс анықталды. Бұл нәтижелер әдістеменің жоғары психометриялық қасиеттерін және оны Қытай жоғары оқу орындары студенттерінің субъективті әл-ауқатын бағалауда қолдануға болатындығын дәлелдеді (Zhang & Carciofo, 2021).

Жарияланған ғылыми зерттеулерді талдау SSWQ және CSSWQ әдістемелерінің білім алушылардың субъективті әл-ауқатын түсіндіретін ортақ теориялық модельге негізделгенін көрсетті. Дегенмен олардың кейінгі дамуы біркелкі болмаған. Соңғы онжылдықта SSWQ әдістемесі бірнеше рет психометриялық тексеруден өтіп, әртүрлі елдерде мәдени-лингвистикалық бейімделіп, құрылымы жетілдірілсе, CSSWQ әдістемесін дамыту мен бейімдеуге арналған зерттеулердің саны салыстырмалы түрде аз болып отыр.

Бұл тұрғыдан алғанда, 14–19 жас аралығындағы жасөспірімдер іріктемесінде Т.Л. Renshaw қатысуымен жүргізілген SSWQ әдістемесінің түрік тіліндегі бейімделуі ерекше қызығушылық тудырады (Renshaw & Arslan, 2016). Зерттеуге қатысушылардың жоғарғы жас шегі Қазақстан жоғары оқу орындарының бірінші және екінші курс студенттерінің жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Сондықтан бұл зерттеу нәтижелері SSWQ әдістемесінің психометриялық қасиеттерін студенттер популяциясын-да тексеруге және оны жоғары білім беру жағдайына бейімдеуге ғылыми-әдіснамалық негіз болады.

Осылайша, жүргізілген әдебиеттерге шолу Student Subjective Wellbeing Questionnaire (SSWQ) әдістемесінің әртүрлі елдерде жоғары психометриялық қасиеттерге ие екенін көрсетеді. Алайда қазіргі уақытта оның қазақ тіліндегі нұсқасы әзірленбеген және Қазақстандағы студенттер популяциясында психометриялық бағалау жүргізілмеген. Осыған байланысты аталған әдістемені қазақ тіліне аудару, мәдени және тілдік бейімдеу, сондай-ақ оның факторлық құрылымы, сенімділігі мен валидтілігін бағалау ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жергілікті этика комитетінің мақұлдауымен жүргізілді (IRB-A1061, 06.02.2025). Зерттеу басталғанға дейін барлық қатысушыларға зерттеудің мақсаты, оған қатысудың ерікті сипаты, алынған деректердің құпиялылығы туралы толық ақпарат берілді және олар зерттеуге қатысуға саналы ақпараттандырылған келісімдерін ұсынды. Деректерді жинау Google Forms онлайн платформасы арқылы жүзеге асырылды. Онлайн сауалнамаға сілтеме Қазақстанның жоғары оқу орындарының студенттері арасында таратылды. Зерттеуге қатысу толықтай анонимді түрде жүргізілді. Қатысушылардың жеке деректері жиналған жоқ, ал алынған ақпарат тек ғылыми мақсаттарда пайдаланылды.

Зерттеуге Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алатын 807 студент қатысты. Олардың қатарында Alikhan Bokeikhan University (Семей), Алматы технологиялық университеті (Алматы), Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті (Ақтау), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы), Семей көпсалалы колледжі (Семей), М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті (Тараз), Shakarim University (Семей) және Алматы гуманитарлық-экономикалық университетінің (Алматы) студенттері болды. Қатысушылардың жасы 16–25 жас аралығында болды ($M = 18,60$; $SD = 1,36$). Олардың 493-і әйелдер (61,1%), 314-і ер адамдар (38,9%).

Зерттеу құралы болып табылатын «Студенттердің субъективті әл-ауқатын бағалау сауалнамасы» (Student Subjective Wellbeing Questionnaire, SSWQ) Т. Л. Renshaw және әріптестері тарапынан білім беру ортасындағы білім алушылардың субъективті әл-ауқатын бағалауға арналған психодиагностикалық әдістеме ретінде әзірленген. Сауалнама 16 тұжырымнан және

төрт шкаладан тұрады: оқу орнына тиесілік сезімі (School Connectedness); оқуға деген қуаныш пен қызығушылық сезімі (Joy of Learning); оқудың мағыналылығы (Educational Purpose); оқу іс-әрекетіндегі өзіндік тиімділік (Academic Efficacy).

Әдістеменің түпнұсқасы ағылшын тілінде әзірленген. Жауаптар 1 («ешқашан дерлік») мен 4 («әрдайым дерлік») аралығындағы төрт балдық Лайкерт шкаласы бойынша бағаланады. Сауалнамадағы барлық тұжырымдар позитивті түрде құрастырылғандықтан, кері кодтау қолданылмайды (Renshaw, 2015; Renshaw & Arslan, 2016).

Әдістемелерді аудару және психометриялық бағалау. Осы зерттеу аясында сауалнаманың түпнұсқа ағылшын тіліндегі нұсқасы қазақ тіліне аударылып, мәдени және тілдік бейімдеу жұмыстары жүргізілді. Аудару үдерісі психометриялық құралдарды мәдениетаралық бейімдеуге арналған халықаралық ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылды. Ол тікелей аудару, кері аудару (back translation) және түпнұсқа мен аударылған нұсқалардың мазмұндық баламалылығын сараптамалық бағалау кезеңдерін қамтыды (Beaton et al., 2000).

Конвергенттік валидтілікті бағалау үшін «Психологиялық денсаулық спектрі» әдістемесінің қысқартылған нұсқасы (Mental Health Continuum – Short Form, MHC-SF) қолданылды (Keyes, 2009; Osin & Leontiev, 2020). Сауалнама 14 тұжырымнан тұрады және эмоциялық әл-ауқатты (Emotional Well-Being), әлеуметтік әл-ауқатты (Social Well-Being), психологиялық әл-ауқатты (Psychological Well-Being), сондай-ақ психикалық әл-ауқаттың жалпы индекcін бағалауға мүмкіндік береді (Osin & Leontiev, 2020). Жауаптар 0 («ешқашан») мен 5 («күн сайын») аралығындағы алты балдық Лайкерт шкаласы бойынша бағаланды.

Дискриминанттық валидтілікті бағалау мақсатында А.А. Золотореваның бейімдеуіндегі «Депрессия, мазасыздық және стресс шкаласы» (Depression, Anxiety and Stress Scale–21, DASS–21) пайдаланылды (Zolotareva, 2021). Әдістеме 21 тұжырымнан тұрады және үш шкаланы қамтиды: депрессия (Depression), мазасыздық (Anxiety) және стресс (Stress). Жауаптар 0 («ешқашан») мен 3 («әрдайым дерлік») аралығындағы төрт балдық Лайкерт шкаласы бойынша бағаланды.

Деректерді статистикалық талдау. Деректерді статистикалық өңдеу Jamovi бағдарламасының 2.6.26.0 нұсқасы арқылы жүргізілді. Факторлық құрылымның тұрақтылығын тексеру мақсатында жалпы іріктеме кездейсоқ түрде екі тәуелсіз қосалқы іріктемеге бөлінді. Бірінші қосалқы іріктемеде ($n = 404$) эксплораторлық факторлық талдау (*Exploratory Factor Analysis, EFA*) жүргізілді. Талдау барысында іріктеменің жарамдылығы Кайзер–Мейер–Олкин өлшемі (*Kaiser–Meyer–Olkin, KMO*), Бартлеттің сфералық критерийі, меншікті мәндерді (*eigenvalues*) талдау және қиыршық тас графигі (*scree plot*) негізінде бағаланды. Екінші қосалқы іріктемеде ($n = 403$) конфирматорлық факторлық талдау (*Confirmatory Factor Analysis, CFA*) орындалды. Бұл кезеңде бірізді түрде төрт факторлы модель және студенттердің субъективті әл-ауқатының жалпы факторын қамтитын екінші деңгейлі иерархиялық модель тексерілді. Сауалнаманың қазақ тіліндегі нұсқасының ішкі бірізділігі жалпы іріктеме бойынша Кронбахтың α және Макдональдтың ω коэффициенттері арқылы бағаланды. Конвергенттік және дискриминанттық валидтілік Спирменнің рангілік корреляция коэффициенттері негізінде анықталды. Факторлық модельдердің сәйкестігі χ^2 , Comparative Fit Index (CFI), Tucker–Lewis Index (TLI), Standardized Root Mean Square Residual (SRMR) және Root Mean Square Error of Approximation (RMSEA) көрсеткіштері бойынша бағаланды. Барлық статистикалық талдауларда статистикалық маңыздылық деңгейі $p < 0,05$ деп қабылданды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Психометриялық бағалаудың алғашқы кезеңінде «Студенттердің субъективті әл-ауқатын бағалау сауалнамасының» (*Student Subjective Wellbeing Questionnaire, SSWQ*) қазақ тіліндегі нұсқасы субшкалаларының ішкі бірізділігі бағаланды. Әрбір шкала бойынша Кронбахтың α және Макдональдтың ω коэффициенттері есептеліп, сипаттамалық статистикалық көрсеткіштер анықталды (1-кесте).

Жүргізілген талдау нәтижелері сауалнаманың қазақ тіліндегі нұсқасы субшкалаларының ішкі бірізділігінің жоғары екенін көрсетті. Кронбахтың α коэффициентінің мәндері 0,835–0,919,

ал Макдональдтың ω коэффициентінің мәндері 0,838–0,919 аралығында болды. Сенімділіктің ең жоғары көрсеткіштері «Оқуға деген қуаныш пен қызығушылық сезімі» және «Оқу іс-әрекетіндегі өзіндік тиімділік» шкалалары бойынша анықталды. Қалған субшкалалар да ішкі бірзділіктің жоғары деңгейін көрсетті. Барлық шкалалар бойынша Кронбахтың α және Макдональдтың ω коэффициенттері мәндерінің өзара жақын болуы алынған сенімділік көрсеткіштерінің тұрақтылығын дәлелдейді және SSWQ әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасының жоғары ішкі бірзділігін растайды.

Кесте 1 – «Студенттердің субъективті әл-ауқатын бағалау сауалнамасы» (Student Subjective Wellbeing Questionnaire, SSWQ) қазақ тіліндегі нұсқасы бойынша сипаттамалық статистикалық көрсеткіштер және ішкі бірзділік коэффициенттері

Шкалалар	M	SD	α Кронбах	ω Макдональд
Оқу орнына тиесілік сезімі	3,03	0,784	0,835	0,838
Оқуға деген қуаныш пен қызығушылық сезімі	3,02	0,831	0,919	0,919
Оқудың мағыналылығы	3,28	0,758	0,897	0,898
Оқу іс-әрекетіндегі өзіндік тиімділік	3,14	0,763	0,905	0,908

Ескерту. M – орташа мән; SD – стандартты ауытқу; α – Кронбахтың α коэффициенті; ω – Макдональдтың ω коэффициенті.

SSWQ әдістемесін әзірлеуге арналған бастапқы зерттеу мен АҚШ-та жүргізілген репликациялық зерттеудің нәтижелеріне сүйене отырып, сауалнаманың қазақ тіліндегі нұсқасында да төрт факторлы құрылымның сақталатыны болжанды (Renshaw et al., 2015; Renshaw, 2015). Психометриялық қасиеттерді тәуелсіз тексеру мақсатында жалпы іріктеме кездейсоқ түрде екі тең қосалқы іріктемеге бөлінді. Бірінші қосалқы іріктемеде сауалнаманың қазақ тіліндегі нұсқасының факторлық құрылымын анықтау үшін эксплораторлық факторлық талдау (Exploratory Factor Analysis, EFA) жүргізілді. Ал екінші қосалқы іріктемеде алынған модельдің эмпирикалық деректерге сәйкестігін бағалау үшін конфирматорлық факторлық талдау (Confirmatory Factor Analysis, CFA) орындалды. Талдау нәтижелері 2-кестеде берілген.

Эксплораторлық факторлық талдау нәтижелері деректердің факторландыруға жарамды екенін көрсетті. Кайзер–Мейер–Олкин өлшемінің мәні $KMO = 0,959$ болды, ал Бартлеттің сфералық критерийі статистикалық тұрғыдан мәнді болды ($\chi^2 = 5287$, $df = 120$, $p < 0,001$). Минималды қалдықтар әдісін (minimum residuals) және oblimin-айналдыруын (oblimin rotation) қолдану нәтижесінде сауалнаманың түпнұсқасына сәйкес келетін төрт факторлы құрылым қайта жаңғыртылды.

Кесте 2 – SSWQ әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасы тармақтарының эксплораторлық факторлық талдау нәтижелері бойынша факторлық жүктемелері

Факторлық жүктемелер					
	Факторлық				
	1	2	3	4	Түпнұсқалылығы
1				0,614	0,428
2	0,221			0,246	0,673
3				0,836	0,281
4				0,579	0,388
5			0,579		0,342
6	0,375		0,543		0,244
7			0,840		0,209
8			0,618		0,208
9	0,430		0,375		0,304

10	0,733				0,260
11	0,541	0,201			0,374
12	0,842				0,206
13	0,237	0,338	0,203		0,360
14		0,843			0,182
15		0,868			0,214
16		0,681		0,231	0,299

Барлық тармақтар өздеріне сәйкес факторлар бойынша жоғары факторлық жүктемелер көрсетті. Алынған модельдің деректерге сәйкестік көрсеткіштері жақсы болды (RMSEA = 0,061; TLI = 0,965; $\chi^2 = 156$, $df = 62$, $p < 0,001$). Факторлар арасындағы корреляция коэффициенттері 0,670-тен 0,754-ке дейін өзгеріп отырды, бұл бөлініп алынған факторлардың өзара орташа деңгейде байланысқанын, сонымен бірге олардың мазмұндық дербестігі сақталғанын көрсетеді. Эксплораторлық факторлық талдау нәтижелері SSWQ әдістемесінің түпнұсқасындағы төрт факторлы құрылымның қазақ іріктемесінде де қайта жаңғыртылғанын растады.

Кездейсоқ қалыптастырылған екінші қосалқы іріктемеде сауалнаманың қазақ тіліндегі нұсқасының төрт факторлы моделінің эмпирикалық деректерге сәйкестігін тексеру мақсатында конфирматорлық факторлық талдау жүргізілді. Талдау нәтижелері 3-кестеде ұсынылған.

Кесте 3 – SSWQ әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасының төрт факторлы моделінің конфирматорлық факторлық талдау нәтижелері бойынша модельдің сәйкестік көрсеткіштері


Модельдің дәл сәйкестігін тексеру (χ^2)			Сәйкестік көрсеткіштері				
χ^2	df	p	CFI	TLI	SRMR	RMSEA	90% ДИ RMSEA
329	98	<0,001	0,957	0,947	0,032	0,076	0,067-0,086

Конфирматорлық факторлық талдау нәтижелері төрт факторлы модельдің эмпирикалық деректерге жақсы сәйкес келетінін көрсетті. Модельдің негізгі сәйкестік көрсеткіштері: CFI = 0,957, TLI = 0,947, SRMR = 0,032 және RMSEA = 0,076 (90% СИ 0,067–0,086) болды, бұл модельдің қолайлы сәйкестік деңгейіне ие екенін көрсетеді. Барлық стандартталған факторлық жүктемелер статистикалық тұрғыдан мәнді болды ($p < 0,001$) және 0,693-тен 0,897-ге дейін өзгерді. Бұл сауалнама тармақтарының өздеріне сәйкес латентті факторлармен жоғары деңгейде байланысқанын дәлелдейді. Факторлар арасындағы корреляция коэффициенттері 0,790–0,884 аралығында болды, бұл субшкалалардың өзара тығыз байланысын көрсетеді.

Екінші деңгейлі иерархиялық модельге жүргізілген конфирматорлық факторлық талдау оның эмпирикалық деректерге жақсы сәйкес келетінін көрсетті ($\chi^2 = 8,62$, $df = 2$, $p = 0,013$; CFI = 0,995; TLI = 0,984; SRMR = 0,010; RMSEA = 0,091; RMSEA үшін 90% СИ = 0,035–0,156). Барлық стандартталған факторлық жүктемелер статистикалық тұрғыдан мәнді болды ($p < 0,001$). Бірінші деңгейдегі факторлардың жалпы латентті факторға жүктемелері 0,827–0,907 аралығында өзгерді. Бұл әрбір субшкаланың студенттердің субъективті әл-ауқатының жалпы көрсеткішін қалыптастыруға елеулі үлес қосатынын көрсетеді. Алынған модель SSWQ әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасын субъективті әл-ауқаттың жекелеген компоненттерін бағалау үшін де, оның жалпы көрсеткішін есептеу үшін де қолдануға болатынын растады.

Алынған нәтижелер SSWQ әдістемесіне арналған алдыңғы зерттеулердің қорытындыларымен сәйкес келеді. Бұрынғы зерттеулерде сауалнаманың төрт факторлы құрылымының тұрақтылығы және студенттердің субъективті әл-ауқатының жалпы көрсеткішін есептеуде екінші деңгейлі модельді қолданудың орындылығы дәлелденген болатын (Renshaw, 2015; Renshaw & Arslan, 2016; Roberson & Renshaw, 2022). Ұқсас нәтижелер SSWQ әдістемесін Түркия жағдайына бейімдеу барысында да алынды, онда 14–19 жас аралығындағы жасөспірімдер іріктемесінде бірінші және екінші деңгейлі модельдердің сәйкестігі расталды (Arslan & Renshaw, 2018; Renshaw & Arslan, 2016). Сонымен қатар, әдістеменің төрт факторлы құрылымы поляк және

португал тілдеріндегі бейімдеу зерттеулерінде де сақталып, әртүрлі тілдік және білім беру контекстерінде оның жоғары психометриялық қасиеттері дәлелденді (Opozda-Suder et al., 2025; Serrão et al., 2024; Zadworna et al., 2023). Алынған нәтижелердің бұрын-ғы зерттеулермен сәйкестігі SSWQ әдістемесінің факторлық құрылымының тұрақтылығын тағы бір мәрте растайды және оның қазақ тіліндегі нұсқасын Қазақстандағы студенттердің субъективті әлауқатын бағалауда қолдануға болатындығын дәлелдейді.



Ескерту. Фактор 1 – Оқу ортасына тиесілік сезімі; Фактор 2 - Оқуға деген қуаныш пен қызығушылық сезімі; Фактор 3 - Оқудың мағыналылығы; Фактор 4 - Оқу іс-әрекетіндегі өзіндік тиімділік; Екінші ретті фактор - студенттердің субъективті әлауқатының интегралды көрсеткіші

Сурет 2 – SSWQ әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасының екінші деңгейлі иерархиялық факторлық моделі

Екінші деңгейлі иерархиялық модельге жүргізілген конфирматорлық факторлық талдау оның эмпирикалық деректерге жақсы сәйкес келетінін көрсетті ($\chi^2 = 8,62$, $df = 2$, $p = 0,013$; CFI = 0,995; TLI = 0,984; SRMR = 0,010; RMSEA = 0,091; RMSEA үшін 90% СИ = 0,035–0,156). Барлық стандартталған факторлық жүктемелер статистикалық тұрғыдан мәнді болды ($p < 0,001$). Бірінші деңгейдегі факторлардың жалпы латентті факторға жүктемелері 0,827–0,907 аралығында өзгерді. Бұл әрбір субшкаланың студенттердің субъективті әлауқатының жалпы көрсеткішін қалыптастыруға елеулі үлес қосатынын көрсетеді. Алынған модель SSWQ әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасын субъективті әлауқаттың жекелеген компоненттерін бағалау үшін де, оның жалпы көрсеткішін есептеу үшін де қолдануға болатынын растады.

Алынған нәтижелер SSWQ әдістемесіне арналған алдыңғы зерттеулердің қорытындыларымен сәйкес келеді. Бұрынғы зерттеулерде сауалнаманың төрт факторлы құрылымының тұрақтылығы және студенттердің субъективті әлауқатының жалпы көрсеткішін есептеуде екінші деңгейлі модельді қолданудың орындылығы дәлелденген болатын (Renshaw, 2015; Renshaw & Arslan, 2016; Roberson & Renshaw, 2022). Ұқсас нәтижелер SSWQ әдістемесін Түркия жағдайына бейімдеу барысында да алынды, онда 14–19 жас аралығындағы жасөспірімдер іріктемесінде бірінші және екінші деңгейлі модельдердің сәйкестігі расталды (Arslan & Renshaw, 2018; Renshaw & Arslan, 2016). Сонымен қатар, әдістеменің төрт факторлы құрылымы поляк және португал тілдеріндегі бейімдеу зерттеулерінде де сақталып, әртүрлі тілдік және білім беру контекстерінде оның жоғары психометриялық қасиеттері дәлелденді (Opozda-Suder et al., 2025;

Serrão et al., 2024; Zadworna et al., 2023). Алынған нәтижелердің бұрынғы зерттеулермен сәйкестігі SSWQ әдістемесінің факторлық құрылымының тұрақтылығын тағы бір мәрте растайды және оның қазақ тіліндегі нұсқасын Қазақстандағы студенттердің субъективті әлауқатын бағалауда қолдануға болатындығын дәлелдейді.

Алынған модель SSWQ әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасын субъективті әлауқаттың жекелеген компоненттерін бағалау үшін де, оның жалпы көрсеткішін есептеу үшін де қолдануға болатынын растады.

Кесте 4 – SSWQ әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасының конвергенттік валидтілік көрсеткіштері

			Spearman's rho
Эмоционалдық әлауқат	-	Оқу орнына тиесілік сезімі	0,524***
Эмоционалдық әлауқат	-	Оқуға деген қуаныш пен қызығушылық сезімі	0,489***
Эмоционалдық әлауқат	-	Оқудың мағыналылығы	0,446***
Эмоционалдық әлауқат	-	Оқу іс-әрекетіндегі өзіндік тиімділік	0,498***
Әлеуметтік әлауқат	-	Оқу орнына тиесілік сезімі	0,611***
Әлеуметтік әлауқат	-	Оқуға деген қуаныш пен қызығушылық сезімі	0,607***
Әлеуметтік әлауқат	-	Оқудың мағыналылығы	0,512***
Әлеуметтік әлауқат	-	Оқу іс-әрекетіндегі өзіндік тиімділік	0,566***
Психологиялық әлауқат	-	Оқу орнына тиесілік сезімі	0,618***
Психологиялық әлауқат	-	Оқуға деген қуаныш пен қызығушылық сезімі	0,606***
Психологиялық әлауқат	-	Оқудың мағыналылығы	0,547***
Психологиялық әлауқат	-	Оқу іс-әрекетіндегі өзіндік тиімділік	0,611***
* p < ,05, ** p < ,01, *** p < ,001			

Алынған корреляция коэффициенттері SSWQ әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасының конвергенттік валидтілігін растады. Барлық субшкалалар эмоциялық, әлеуметтік және психологиялық әлауқат көрсеткіштерімен статистикалық тұрғыдан мәнді оң өзара байланыстар көрсетті ($p = 0,446-0,618$; $p < 0,001$). Анықталған байланыстардың бағыты мен сипаты зерттеліп отырған конструктінің теориялық моделіне және осы бағыттағы алдыңғы зерттеулердің нәтижелеріне толық сәйкес келеді.

Кесте 5 – SSWQ әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасының дискриминанттық валидтілік көрсеткіштері

			Spearman's rho
Оқу орнына тиесілік сезімі	-	депрессия	-0,394***
Оқу орнына тиесілік сезімі	-	мазасыздық	-0,337***
Оқу орнына тиесілік сезімі	-	стресс	-0,348***
Оқуға деген қуаныш пен қызығушылық сезімі	-	депрессия	-0,373***
Оқуға деген қуаныш пен қызығушылық сезімі	-	мазасыздық	-0,313***
Оқуға деген қуаныш пен қызығушылық сезімі	-	стресс	-0,357***
Оқудың мағыналылығы	-	депрессия	-0,354***
Оқудың мағыналылығы	-	мазасыздық	-0,294***
Оқудың мағыналылығы	-	стресс	-0,304***
Оқу іс-әрекетіндегі өзіндік тиімділік	-	депрессия	-0,364***
Оқу іс-әрекетіндегі өзіндік тиімділік	-	мазасыздық	-0,308***
Оқу іс-әрекетіндегі өзіндік тиімділік	-	стресс	-0,310***
* p < ,05, ** p < ,01, *** p < ,001			

Алынған корреляция коэффициенттері SSWQ әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасының дискриминанттық валидтілігін растады. Барлық субшкалалар, сондай-ақ студенттердің субъективті әл-ауқатының жалпы көрсеткіші депрессия, мазасыздық және стресс көрсеткіштерімен статистикалық тұрғыдан мәнді теріс корреляциялық байланыстар көрсетті ($\rho = -0,294 - -0,394$; $p < 0,001$). Анықталған байланыстардың бағыты мен сипаты субъективті әл-ауқат пен психологиялық дистресс арасындағы өзара байланысты түсіндіретін теориялық тұжырымдамаларға толық сәйкес келеді және әдістеменің дискриминанттық валидтілігін растайды.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер SSWQ әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасының конструктылық валидтілігін дәлелдейді. Анықталған өзара байланыстар зерттеліп отырған конструктінің теориялық моделіне толық сәйкес келеді: білім беру ортасындағы студенттердің субъективті әл-ауқаты психикалық денсаулық көрсеткіштерімен оң, ал депрессия, мазасыздық және стресс көрсеткіштерімен теріс байланыста болды. Бұл нәтижелер SSWQ әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасы студенттердің субъективті әл-ауқатын білім беру контекстінде валидті бағалауға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері «Студенттердің субъективті әл-ауқатын бағалау сауалнамасының» (Student Subjective Wellbeing Questionnaire, SSWQ) қазақ тіліндегі нұсқасының жоғары психометриялық қасиеттерге ие екенін көрсетті. Зерттеу барысында субшкалалардың жоғары ішкі бірізділігі, сауалнаманың төрт факторлы құрылымы, екінші деңгейлі иерархиялық модельді қолданудың орындылығы және әдістеменің конструктылық валидтілігі расталды. Алынған нәтижелер SSWQ әдістемесінің түпнұсқасы мен оның шетелдік бейімдеу зерттеулерінің нәтижелерімен сәйкес келеді, онда да факторлық құрылымның тұрақтылығы мен әдістеменің жоғары психометриялық қасиеттері дәлелденген (Opozda-Suder et al., 2025; Renshaw, 2015, 2018, 2022; Renshaw & Arslan, 2016; Renshaw & Bolognino, 2016; Renshaw & Chenier, 2018; Renshaw et al., 2024; Roberson & Renshaw, 2022). Бұрынғы зерттеулердің басым бөлігі 19 жасқа дейінгі жасөспірімдер іріктемесінде жүргізілген болса, осы зерттеу әдістеменің факторлық құрылымының 16–25 жас аралығындағы Қазақстандық студенттер іріктемесінде де тұрақты екенін көрсетті. Бұл SSWQ әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасын жоғары оқу орындары студенттерінің субъективті әл-ауқатын зерттеуде қолдануға болатындығын дәлелдейді.

Қорытынды. Осы зерттеу барысында «Студенттердің субъективті әл-ауқатын бағалау сауалнамасының» (Student Subjective Wellbeing Questionnaire, SSWQ) қазақ тіліндегі нұсқасы аударылып, мәдени және тілдік бейімдеуден өткізілді, сондай-ақ оның психометриялық қасиеттері бағаланды. Зерттеу нәтижелері субшкалалардың жоғары ішкі бірізділігін, әдістеменің түпнұсқасындағы төрт факторлы құрылымның сақталғанын, екінші деңгейлі иерархиялық модельді қолданудың орындылығын және сауалнаманың конструктылық валидтілігін растады. Алынған нәтижелер SSWQ әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасының жоғары психометриялық қасиеттерге ие екенін және оны білім беру ортасында студенттердің субъективті әл-ауқатын бағалау үшін қолдануға болатынын дәлелдейді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы Қазақстанда студенттердің субъективті әл-ауқатын зерттеуге арналған психодиагностикалық құралдар қорын кеңейтумен айқындалады. Әдістемеге ғылыми зерттеулерде, студенттерді психологиялық сүйемелдеу үдерісінде, сондай-ақ олардың психикалық денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған бағдарламалардың тиімділігін бағалауда қолданылуы мүмкін.

Болашақ зерттеулер SSWQ әдістемесінің қазақ тіліндегі нұсқасының әртүрлі студенттік іріктемелердегі өлшеу инварианттылығын, академиялық және психологиялық көрсеткіштерге қатысты болжамдық валидтілігін тексеруге, сондай-ақ студенттердің субъективті әл-ауқатын зерттеуде оны қолдану аясын кеңейтуге бағытталуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Байжуманова, Б. Ш., & Сахиева, Ф. А. (2024). Связь психологического благополучия казахов-студентов, обучающихся в Казахстане и Турции, с их чувством связности и

резильентности. Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия «Психология», 78(1), 141–151.

2. Егорова, М. А., & Сердюк, А. А. (2025). Субъективное благополучие молодежи в период социокультурной нестабильности (обзор современных зарубежных работ). Современная зарубежная психология, 14(4), 56–65. <https://doi.org/10.17759/jmfp.2025140406>

3. Жумангалиева, А. С., Мун, М. В., & Петрулите, А. Р. (2025). Оценка надежности русскоязычных версий методик оценки благополучия личности на выборке Республики Казахстан. Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия «Психология», (3), 22–38. <https://doi.org/10.51889/2959-5967.2025.84.3.002>

4. Конысбай, Т. Е., Аймаганбетова, О. Х., & Хазратова, Н. В. (2025). Феноменологическое исследование детерминант и предикторов эмоционального благополучия студентов в кросс-культурных контекстах. Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия «Психология», (1), 93–103.

5. Ордагулова, Д. И., & Сарсенбаева, Л. О. (2024). Предикторы психологического благополучия студентов. Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия «Психология», (4), 215–226.

6. Оспанбаева, М. П., Дуйсенова, Ж. К., Джонисова, Г. К., & Дауренбекова, А. К. (2024). Исследование улучшения психологического здоровья в рамках проекта «Серебряный университет». Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия «Психология», 78(1), 181–192.

7. Суюндыкова, Н. М., & Тапалова, О. Б. (2024). Поведенческое здоровье: феномен, проблемы, подходы к исследованию. Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая. Серия «Психология», (4), 21–38.

8. Arslan, G., & Renshaw, T. L. (2018). Student subjective wellbeing as a predictor of adolescent problem behaviors: A comparison of first-order and second-order factor effects. Child Indicators Research, 11(2), 507–521. <https://doi.org/10.1007/s12187-017-9444-0>

9. Beaton, D. E., Bombardier, C., Guillemin, F., & Ferraz, M. B. (2000). Guidelines for the process of cross-cultural adaptation of self-report measures. Spine, 25(24), 3186–3191. <https://doi.org/10.1097/00007632-200012150-00014>

10. Fowers, B. J., Novak, L. F., Kiknadze, N. C., & Calder, A. J. (2023). Questioning contemporary universalist approaches to human flourishing. Review of General Psychology, 27(2), 121–134. <https://doi.org/10.1177/10892680221138230>

11. Hernández-Torrano, D., Ibrayeva, L., Sparks, J., Lim, N., Clementi, A., Almukhambetova, A., Nurtayev, Y., & Muratkyzy, A. (2020). Mental health and well-being of university students: A bibliometric mapping of the literature. Frontiers in Psychology, 11, Article 1226. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2020.01226>

12. Hossain, S., O'Neill, S., & Strnadová, I. (2023). What constitutes student well-being: A scoping review of students' perspectives. Child Indicators Research, 16(2), 447–483. <https://doi.org/10.1007/s12187-022-09990-w>

13. Opozda-Suder, S., Gajda, M., Dolata, R., Grygiel, P., & Jasińska-Maciąg, A. (2025). Revised and extended Polish version of the Student Subjective Well-Being Questionnaire (SSWQ-PL-R): Psychometric evidence from two studies with adolescents. Przegląd Badań Edukacyjnych, 56, 5–59. <https://doi.org/10.12775/PBE.2025.025>

14. Osin, E. N., & Leontiev, D. A. (2020). Brief Russian-language instruments to measure subjective well-being: Psychometric properties and comparative analysis. Monitoring of Public Opinion: Economic and Social Changes, 1, 117–142. <https://doi.org/10.14515/monitoring.2020.1.06>

15. Renshaw, T. L. (2015). A replication of the technical adequacy of the Student Subjective Wellbeing Questionnaire. Journal of Psychoeducational Assessment, 33(8), 757–768. <https://doi.org/10.1177/0734282915580885>

16. Renshaw, T. L. (2018). Psychometric evaluation of the revised College Student Subjective Wellbeing Questionnaire. *Canadian Journal of School Psychology*, 33(2), 136–149. <https://doi.org/10.1177/0829573516678709>
17. Renshaw, T. L. (2022). College Student Subjective Wellbeing Questionnaire (CSSWQ): Measure and user guide. <https://doi.org/10.17605/OSF.IO/MJRKP>
18. Renshaw, T. L., & Arslan, G. (2016). Psychometric properties of the Student Subjective Wellbeing Questionnaire with Turkish adolescents: A generalizability study. *Canadian Journal of School Psychology*, 31(2), 139–151. <https://doi.org/10.1177/0829573516634644>
19. Renshaw, T. L., & Bolognino, S. J. (2016). The College Student Subjective Wellbeing Questionnaire: A brief, multidimensional measure of undergraduate's covitality. *Journal of Happiness Studies*, 17(2), 463–484. <https://doi.org/10.1007/s10902-014-9606-4>
20. Renshaw, T. L., & Chenier, J. S. (2018). Further validation of the Student Subjective Wellbeing Questionnaire: Comparing first-order and second-order factor effects on actual school outcomes. *Journal of Psychoeducational Assessment*, 36(4), 392–397. <https://doi.org/10.1177/0734282916678494>
21. Renshaw, T. L., Clark, K. N., Farley, C. D., et al. (2024). Global and school-specific subjective well-being as predictors of educational outcomes. *School Mental Health*, 16, 1052–1068. <https://doi.org/10.1007/s12310-024-09684-4>
22. Roberson, A. J., & Renshaw, T. L. (2022). Dominance of general versus specific aspects of wellbeing on the Student Subjective Wellbeing Questionnaire. *School Psychology*, 37(5), 399–409. <https://doi.org/10.1037/spq0000513>
23. Ruggeri, K., Garcia-Garzon, E., Maguire, Á., Matz, S., & Huppert, F. (2020). Well-being is more than happiness and life satisfaction: A multidimensional analysis of 21 countries. *Health and Quality of Life Outcomes*, 18(1), Article 192. <https://doi.org/10.1186/s12955-020-01423-y>
24. Serrão, R., Dias, P., Andrés, A., Bowe, M., & Renshaw, T. (2024). Adolescents' school-based universal well-being screening: A validation of the Student Subjective Wellbeing Questionnaire in Portugal. *School Mental Health*, 16(4), 1261–1274. <https://doi.org/10.1007/s12310-024-09691-5>
25. Zadworna, M., Kossakowska, K., & Renshaw, T. L. (2023). Measuring subjective wellbeing in a school context: A Polish version of the Student Subjective Wellbeing Questionnaire. *School Mental Health*, 15(1), 231–246. <https://doi.org/10.1007/s12310-022-09546-x>
26. Zhang, Y., & Carciofo, R. (2021). Assessing the wellbeing of Chinese university students: Validation of a Chinese version of the College Student Subjective Wellbeing Questionnaire. *BMC Psychology*, 9, Article 69. <https://doi.org/10.1186/s40359-021-00569-8>
27. Zolotareva, A. (2021). Psychometric examination of the Russian version of the Depression, Anxiety, and Stress Scales-21. *Psikhologicheskii Zhurnal*, 42(5), 80–88. <https://doi.org/10.31857/S020595920017077-0>

Қосымша 1

Студенттердің субъективті әл-ауқатын бағалау сауалнамасы

Нұсқаулық: Төменде берілген тұжырымдардың білім беру ұйымындағы тәжірибеңізге қаншалықты сәйкес келетінін белгілеуіңізді сұраймыз

Жауап нұсқалары:

1 – ешқашан дерлік

2 – кейде

3 – жиі

4 – әрдайым дерлік

Оқу орнына тиесілік сезімі

1. Мен өзімді оқып жатқан оқу орны қауымдастығының бір бөлігі ретінде сезінемін.

2. Университетте мен өзім еркін бола аламын.

3. Оқу орнында маған назар аударылып, қамқорлық көрсетілетінін сезінемін.

4. Бұл оқу орнында маған құрметпен қарайды

Оқуға деген қуаныш пен қызығушылық сезімі

5. Сабакта жаңа нәрсе үйренгенде мен шабыттанып, қуаныш күйін сезінемін.
6. Оқу процесінде айналысып жатқан ісім маған шын мәнінде қызықты.
7. Оқу тапсырмалары мен жобалармен жұмыс істегенді ұнатамын.
8. Оқу кезінде мен оң эмоцияларды сезінемін.
- Оқудың мағыналылығы
9. Мен университетте айналысып жатқан ісімнің мәні бар деп санаймын.
10. Мен оқудың маңызды екеніне және оған салмақты қарау қажет деп сенемін.
11. Жақсы оқу мен үшін маңызды.
12. Мен университетте алған білімімнің өмірде пайдалы боларына сенемін.
- Оқу іс-әрекетіндегі өзіндік тиімділік
13. Мен өзімді табысты студент деп санаймын.
14. Мен оқу жүктемесін жақсы меңгеремін.
15. Мен оқу тапсырмаларын сәтті орындаймын.
16. Кәдімгі жағдайда мен жақсы бағалар аламын.

Авторлар туралы мәліметтер:

Азизова А.Ф. – хат-хабарларға жауапты автор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 8D03107 – «Психология» білім беру бағдарламасының докторанты, Алматы, Қазақстан. E-mail: azizova-aziza95@mail.ru

Баймолдина Л.О. – философия докторы (PhD), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан. E-mail: Laura.Baimoldina@kaznu.edu.kz

Лашкова Е. – «Be Alive» клиникалық психология және психотерапия орталығының психологі, Алматы, Қазақстан. E-mail: ye.lashkova.research@gmail.com

Сведения об авторах:

Азизова А. Ф. – автор для корреспонденции, докторант образовательной программы 8D03107 «Психология» Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: azizova-aziza95@mail.ru

Баймолдина Л. О. – доктор философии (PhD), старший преподаватель кафедры общей и прикладной психологии Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: Laura.Baimoldina@kaznu.edu.kz

Лашкова Е. – психолог Центра клинической психологии и психотерапии «Be Alive», Алматы, Казахстан. E-mail: ye.lashkova.research@gmail.com

Information about the Authors:

A. F. Azizova – Corresponding Author, Doctoral Student in the 8D03107 Psychology Educational Program at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: azizova-aziza95@mail.ru

L. O. Baimoldina – Doctor of Philosophy (PhD), Senior Lecturer at the Department of General and Applied Psychology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: Laura.Baimoldina@kaznu.edu.kz

E. Lashkova – Psychologist at the Be Alive Center for Clinical Psychology and Psychotherapy, Almaty, Kazakhstan. E-mail: ye.lashkova.research@gmail.com